



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: ДЗ-85 от: 15.05.2019

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2019 жылғы 15 мамырда жария етілді

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары  
Ж.М.Қасымбекке**

### Депутаттық сауал

### Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабының ережелеріне сәйкес Сізге депутаттық сауал жолдап отырмыз.

Егер дәрігерлер ХХ ғасырды жүрек-қан тамыры ауруларының ғасыры деп атаған болса, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамы бойынша, қазіргі ғасыр аллергия ғасыры болып табылады, себебі статистика бойынша бүгінде жер бетіндегі әрбір бесінші адам аурудың осы түрінен зардап шегуде және жыл сайын аллергия ауруы орта есеппен 15-20% өсіп отыр.

Осындай жағдайда аллергия туындатпайтын өте сирек өнім ешкі сүті болып табылады.

Сондықтан қазіргі таңда әлемде өнеркәсіптік ешкі шаруашылығын дамыту үрдісі байқалуда. Ешкі сүті мен оны өңдеу өнімдерінің кең таралуы оның бала тағамдарын алмастырғыш ретінде, тіпті ана сүтінің орнына пайдаланылуына, сондай-ақ өндіріс өнімділігі мен экономикалық рентабельділігінің жоғары болуына да байланысты.

Қазақстан нарығында бұл саланы дамытуға қолайлы жағдай бар.

Осыған байланысты ешкі шаруашылығы мемлекеттік және салалық бағдарламалар әзірлеу кезінде негізсіз назардан тыс қалып жүргенін, тіпті ұзақ уақыт бойы оған мүлде мемлекеттік қолдау көрсетілмегенін айтқымыз келеді. Субсидия беру тұрғысында байқалған оң үрдіс соңғы кезде жағымды нәтиже көрсетпеді, оның себебі субсидия берілетін жануарлардың жасы 6-12 айдың орнына 12-16 ай болып өзгертілді, жалпы әлемдік практикада 4-6 айлық

жануарды сатудың нақты құны - 2000 евро болғандықтан, 12-16 айлық әрбір жануарға бөлінетін 80-100 евро мөлшеріндегі салыстырмалы түрдегі төмен субсидия мұны өтемейді.

Бұл ретте ешкі сүтін алудың нақты технологиясы және нарық ерекшелігі ескерілмеуде, қазіргі кезде көлемі үлкен зауыттарға ғана субсидия беріледі. Ал елімізде ешкі сүті өнімдерін пайдалану мәдениеті өсіп келе жатқан кезде маңызы ерекше зор болып отырған шағын және орта шаруашылықтардың өнімді өңдеуге мүмкіндігі жоқ болғандықтан олар дамымай отыр.

Бұған қоса, кадрлар іріктеуде қиыншылықтар бар, себебі елімізде ешкі өсіру және ешкі сүтінен өнім өндіру технологиясын оқытып-үйрету жолға қойылмаған. Ешкі шаруашылығы бүкіл әлемде және посткеңестік кеңістікте өте тиімді агробизнес болып табылады. Мысалы, Ресей Федерациясында бұл салада көптеген жобалар жүзеге асырылуда, ірі шаруашылықтармен қатар орта және шағын кәсіпорындар белсенді түрде дамуда, бұл осы саланы қолдауда дұрыс шаралар қабылдануына байланысты. Мәселен, Ресейде ешкі сүті өндірісіне, ірімшік жасау кәсіпорындарына, ешкі сүтін қабылдау орындарына қолдау көрсетіледі, асыл тұқымды ешкі өсіруге дотация және гранттар бөлінеді.

Өкінішке қарай, Қазақстан Республикасында ешкі шаруашылығына мұндай қолдау көрсетілмейді, соның салдарынан бізде Атырау, Түркістан және Ақмола облыстарында ғана бар-жоғы 3 ешкі өсіру кәсіпорыны бар. Атырау облысындағы ешкі фермасы ешкі сүтінен 20-дан астам өнім түрін шығарады. Біз осы кәсіпорындарда болған және ұжыммен кездескен кезде ондағы жастардың шын ықыластарымен өз ісіне беріліп жұмыс істейтінін көрдік, олардың осы өндірісті дамытудың қажеттілігіне деген сенімдеріне риза болдық.

Ешкі сүтінің және одан жасалатын өнімдердің халық денсаулығына пайдалы екендігін, ауылдық жерде аз шығын жұмсап, көп жұмыс орнын ашу, сондай-ақ ауылда тиімді бизнес құру мүмкіндігін ескеріп, ешкі шаруашылығына мемлекеттік қолдау көрсетуде нақты шаралар қабылдануын, оның ішінде:

1) Әлемдік практиканы ескере отырып, мал (ешкі) сатып алуға бөлінетін субсидияның мөлшерін қайта қарауды;

2) ауыл шаруашылығы саласына дотациялар мен гранттар бөлу кезінде асыл тұқымды ешкі өсіру шаруашылықтарын, ешкі сүті мен одан жасалатын өнім өндірушілерді, оның ішінде ірімшік қайнату өндірісін қолдауды;

3) ешкі сүтінің өндірісі саласындағы логистиканы дамыту жөнінде шаралар қабылдауды;

4) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ауыл шаруашылығының осы саласы үшін техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар кадрлар даярлау көздеуді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабының 4-тармағына сәйкес жауап қайтаруыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,  
депутатар, «NUR OTAN»  
партиясы фракциясының мүшелері**

**М. Айсина**

**Б.Ізмұхамбетов**

**З.Аманжолова**

**Ж.Дүйсебаев**

Орын.: М.Өмірбай  
т.: 74-63-61

Оглашен 15 мая 2019 года

**Заместителю  
Премьер-Министра  
Республики Казахстан  
Касымбек Ж.М.**

### **Депутатский запрос**

**Уважаемый Женис Махмудулы!**

В соответствии с положениями статьи 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» обращаемся к Вам с депутатским запросом.

Если XX век медики называли веком сердечно-сосудистых заболеваний, то нынешний век, по прогнозам Всемирной организации здравоохранения, является веком аллергии, поскольку по статистике этой формой заболевания сегодня страдает каждый пятый житель нашей планеты и ежегодно рост аллергических заболеваний составляет в среднем 15-20%.

И в этой ситуации очень редким продуктом, обладающим исключительной гипоаллергенностью, является козье молоко.

Поэтому на сегодняшний день в мире наметилась тенденция к развитию промышленного козоводства. Популярность козьего молока и продуктов его переработки объясняется также повсеместным использованием его в качестве заменителя детского питания и даже грудного молока, а также высокой производительностью и высокой экономической рентабельностью производства.

Рынок Казахстана имеет благоприятные условия для развития данной отрасли.

В этой связи, считаем, что отрасль козоводства незаслуженно упускается из виду при разработке различных государственных и отраслевых программ, долгое время оно оказывалось вовсе без государственной поддержки. Положительные тенденции, наметившиеся в плане субсидирования, в последнее время не дают положительных результатов в связи с изменением возраста субсидируемых животных с 6-12 месяцев на 12-16 месяцев, поскольку реально в общемировой практике продаются животные в возрасте 4-6 месяцев стоимостью в 2000 евро, что не компенсируется относительно низкими субсидиями в размере 80-100 евро на животных 12-16 месяцев.

При этом, не учитывается реальная технология получения козьего молока и специфика рынка, субсидируются только заводы с большими объемами, не дают развиваться малым и средним хозяйствам, закрывая возможность переработки, что особенно важно с ростом в стране культуры потребления среди населения продуктов из козьего молока.

Кроме того, есть трудности с подбором кадров, так как в стране не освоено обучение технологии козоводства и переработки козьего молока. Козоводство весьма эффективный агро-бизнес, как во всем мире, так и на постсоветском пространстве. Например, в Российской Федерации идет реализация большого количества проектов, наряду с крупными хозяйствами, активно развивается множество средних и мелких предприятий, что связано с адекватными мерами поддержки этой отрасли. Так, в России поддерживаются: производство козьего молока, сыроварни, приемные пункты для козьего молока, выделяются дотации и гранты для ведения племенного дела.

К сожалению, в Республике Казахстан таких мер поддержки козоводство не получает и, как следствие, у нас созданы всего 3 козоводческих предприятия в Атырауской, Туркестанской и Акмолинской областях. Козья ферма в Атырауской области выпускает более 20 видов продукции козьего молока. При посещении данных предприятий и встречах с коллективом мы обратили внимание на то, с каким удовольствием там работают молодые люди, их увлеченность своим делом, уверенность в необходимости развития данного производства.

Учитывая полезность для здоровья населения козьего молока и продуктов его переработки, возможность организации немалого количества рабочих мест в сельской местности при относительно небольших затратах, а также создания эффективного бизнеса на селе, просим рассмотреть принятие конкретных мер по государственной поддержке козоводства, в том числе:

- 1) Пересмотреть размеры субсидий, выделяемых для покупки животных (коз) с учетом мировой практики;
- 2) при выделении дотаций и грантов в сфере сельского хозяйства поддержать племенные хозяйства, производителей козьего молока и продуктов его переработки, в том числе сыроварни;
- 3) принять меры по развитию логистики в сфере производства козьего молока;
- 4) в рамках госзаказа предусмотреть подготовку кадров с техническим и профессиональным, высшим образованием для данной отрасли сельского хозяйства.

Просим представить ответ в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

**С уважением,  
депутаты, члены Фракции партии  
«NUR OTAN»**

**М.Айсина  
Б.Измухамбетов  
З.Аманжолова  
Ж.Дуйсебаев**

Исп. Омирбай М.К.  
Тел. 74-63-61